«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука».** – 2015. – **Т.1, ч.3**. – Б. 242-244

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Төлебай Б.

Еліміздің болашағы кейінгі ұрпақты мәдениетті, парасатты, білікті, көргенді, көрегенді етіп тәрбиелеу, олардың дүниетанымын жоғары деңгейге көтеру, қоғамды ілгерілету үдерісінде кәсіби мәдениетін дамытуға үлкен мән беру, жоғары білімді, мәдениетті өкілдерді тәрбиелеу ісі ұстаздарымыздың еншісінде екендігі айқын десекте болады.

Психологиялық – педагогикалық тұрғыдан «мәдениет деп – қоғамның белгілі тарихи деңгейін, адамның өмірі мен іс- әрекетін, олардың қарым – қатынасын ұйымдастырудағы шығармашылық күші мен қабілеттерін материалдық және рухани құндылықтарын айтамыз».Мәдениет - адамның ойлау, айнала қоршаған ортаға талдау жасай білу қабілеті мен сапасы, білім деңгейі, біліктілігі, іскерлігі еңбекке деген қатынасы, жалпы тәрбиелігі, қызығушылық шеңбері, күнделікті іс – әрекет көрінісі, мінез құлқы және адамның іс – әрекетінің бағыттылығы мен деңгейін сипаттайтын амал, тәсіл нормалардың тарихи нақты жиынтығы.

Кәсіби мәдениет дегеніміз- қоғамның әрбір кәсіптік қызметтегі адамдардың мәдени деңгейіне қойылатын талаптар: маман қоғамның жағдайы мен талаптарына сай жеке кәсіби міндеттерді кеңінен шешуге қабілеттілігі, жоғарғы технологиялар мен техниканы еркін пайдалана білу, қоғамның даму қарқынына ілесе отырып,«жаңалыққа» құштарлылығы және т.б. Мұның бәрі тұлғада білім беру үдерісінде, кәсіби мәдениетті игеру барысында дамиды.

Педагогикалық қызметтің ерекшеліктеріне талдау жасауына, мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігі мен педагогикалық шеберлігін зерттеуге байланысты педагогикалық мәдениет мәселелері С.И. Архангельский, А.В. Бондаревская, В.А. Сластенин сияқты зерттеушілердің еңбектерінде өз бейнесін тапқан.

Қазіргі таңда педагогикалық мәдениет мәселесін зерттеу көптеген ғалымдардың қызығушылығын оятып отыр.

Т.И. Иванова педагогикалық мәдениетті тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып отырып, *бағыттылығы* (жоғары әдіснамалық және әдістемелік мәдениеті, шығармашылық іс – әрекетке даярлығы және т.б.), *мәдени тәжірибесі* (мәдениет туралы білім, онымен қарым – қатынас жасай білу қабілеті), *жаңа педагогикалық ойлауы*(мәдени – шартты пайымдау, тану қабілеті) қамтылған ұзтаз тұлғасының интегративті сапасы,- деп қарастырады[1].

В.Л. Бенина педагогикалық мәдениетті «адамдардың жинақталған әлеуметтік тәжірибені беру барысындағы нақты іс – әрекеті мен осы іс –

әрекеттің білім, білік, дағды түрінде бекітілген нәтижелерінің біртұтастығын қамтитын педагогикалық үдерістің интегративті сипаттамасы » деп анықтайды.

«Кәсіптік педагогикалық мәдениет» ұғымын анықтау үшін, алдымен «кәсіптік мәдениет» және «педагогикалық мәдениет» ұғымдарының пәнін қарастырған жөн. Кәсіби мәдениетті белгілі бір мамандыққа қатысты адамдар тобының бір қасиеті ретінде бөліп алу , арнайы іс әрекет түрінің жекешеленуіне алып келетін еңбек бөлісінің нәтежиесі болып табылады. Маманның кәсіптік мәдениетінің жоғарғы деңгейі кәсіптік міндеттерді шешудегі жоғарғы қабілеттілікпен, яғни кәсіптік ойлау мен сананың дамуы ретінде сипатталады. Кәсіптік мәдениет адамның кәсіптік мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеруінің белгілі бір деңгейі болып табылады. Педагогикалық мәдениет кәсіптік іс әрекеттің өзіндік ерекшелігі мен кәсіптік қасиеттері жүйесінде байқалатын оқытушының жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Сонымен, кәсіптік педагогикалық мәдениеттің мәні жеке кәсіби қасиеттер, жетекші компоненттер мен функциялар жүйесі ретінде ашылады.Кәсіптік педагогикалық мәдениетті иеленушілер педагогикалық еңбекті жүзеге асыруға жұмылдырылған адамдар болып табылады.

Педагогикалық мәдениеттің құрылымы: әлеуметтік – педагогикалық; ғылыми – педагогикалық; кәсіби – педагогикалық; тұлғалық деңгейлерден тұрады.Педагогикалық мәдениет басқару мәдениеттің негізі тұғыры болып саналады.

Кәсіби мәдениетті қалыптастырудың ғылыми бағыттары қазіргі кезеңде жаңа мәнге ие болуда. Педагогтың кәсіптік мәдениетін Круилина төрт салада бөлді:

- еңбек мәдениеті;
- таным мәдениеті;
- қарым – қатынас мәдениеті;
- өзін – өзі жетілдіру мәдениет[2].

Педагогтың кәсіптік педагогикалық мәдениетін жүзеге асыруға және оның қалыптасуының ерекшеліктеріне әлеуметтік педагогикалық тәжірибелермен жинақталғанжеке –шығармашылық, психофизиологиялық және жас ерекшелік сипаттары себепші болады.

Кәсіптік педагогокалық мәдениеттің педагогикалық ақиқаттың

жан -жақты сипаттамасы:

-кәсіптік мәдениет жалпы мәдениет педагогикалық іс әрекет ортасына жобалау;

-кәсіптік педагогикалық мәдениет -қоршаған ортамен әрекеттесетін, жекелеген қасиеттеріне ажырамайтын тұтастың интегративті қасиеттері бар өзіндік ұйымдасқан жүйе;

-кәсіптік педагогикалық мәдениетті талдау бірлігі табиғаты жағынан шығармашылық әрекет болады;

«Психологиялық мәдениет» психология ғылымындағы жаңа ұғым болып табылады. Сондай-ақ, ғылыми әдебиеттерде сирек қолданылады. Әрине, бұл ұғым психологиялық болса дағы, әр түрлі ғылыми облыстар аймағында құрылады: философия, мәдениеттану, әлеуметтану, этика, психология. А. Зимняяның айтуынша: «жалпы мәдениет адамның әлемге, өзіне деген қатынас аймағындағы негізгі бағыттарының тұрақтылығымен, жинақтылығымен және олардың мінез-құлықта көріну сипатымен анықталады. Ол ішкі мәдениетті болжайды (басқаларды сыйлау, жауапкершілік, өзіндік реттелу, т.б.)»[2]. Осы екі бағыт бойынша жоғарыда көрсетілген барлық қасиеттерді дамытуды студент тұлғасында, яғни, болашақ мамандардан бастап, дамытып, белгілі бір деңгейде тұрақты қажеттілігінен туындайды. Болашақ мамандардың кәсіби мәдениетін дамытудың психологиялық тиімді жолдарының әдіс-тәсілдерінің жүйесін құру шарт. Психологиялық мәдениетті жоғарылатудың қазіргі уақыттағы және өзекті формаларын өңдеп, қолдану қажет. Бұл жұмыстар жүйелі сипатқа ие болу үшін, іс-әрекет түрін сауатты түрде жүзеге асырылу тиіс. Болашақ мамандардың кәсіби мәдениетін қалыптастыру жұмыстары ағартушылық та, сонымен қатар, коррекциялық-дамытушы сипатта да болады.

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселелері қазіргі біздің қоғамымызда өзекті болып қала береді. Жалпы кәсіби мәдениетті жоғарлату бойынша жұмыстардың мақсаты болып – осы болашақ мамандардыңөз мамандықтары бойынша атқарылатын жұмыстар жүйесін нақты бағдарлап, толығымен өңдеу табылады.

Болашақ маманның кәсіби мәдениеті - жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде студенттерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, болашақ кәсібіне қажетті сапаларды тәрбиелеу, кәсіптік білім, білік, дағдыларды жоғары деңгейде меңгерту мақсаты алға қойылады. Демек, мәдениет, яғни кәсіби мәдениет – тұлға мүмкіндіктерініңең жоғарғы деңгейі ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. А.Қ. Қозыбай Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы ,2008.
-25-26 б.

2.ЕрментаеваА.Р.Студенттерді субьект-кәсіби бағытта психологиялық дайындау мәселелері //Региональный Вестник Востока, №1 (21), 2004,5 б.

3. Science and world international scientific journal, №6(10),2014, vol.II, Сагалиева Ж.К,Галиев Т.Т.,Сейлхан Г.И., Алимбаева А.З., Джанзакова А.А, «ADVANCED
TRAINING OF SPECIALISTS: REALIZATION WAYS», импакт-фактор 0.286

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., аға оқытушы А.К.Асаубаева